

Бекітемін:

 Г.Жетпісова.  
МКҚК «№1 бөбекжайы» басшысы

« 01 » 09 2023 жыл

**Үйірме жұмысы**  
**Тақырыбы: «Біз және театр»**  
**«Еркетай» мектеп алды топ**

Тәрбиеші: Койшибаева З.Р

**Тақырыбы:** «Біз және театр»

**Мақсаты:** Балаларға қосымша білім беруде балалардың білімін, шеберлігін көрсету. Балаларды шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту, әр-түрлі қағаз арқылы балаларға жұмыс істеудің түрлі амалдарын үйрету шиыршықтау, қиыстыру, салу, желімдеу.

**Міндеттері:**

- Балалардың қолмен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, саусақты нақты қозғалтуға үйрету, бала қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру;
- Балалардың көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Еңбек дағдыларын жетілдіру, еңбек мәдениетін қалыптастыру, ұқыптылыққа материалды үнемді қолдануға, жұмыс орнын таза ұстауға тәрбиелеу;
- Үлгіге сүйене отырып дайын пішіндерден бейнелерді құрастыра білуге үйрету;

Үйірме жұмысының тақырыптық жоспары

Қыркүйек айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Гүл алаңы	Балаларға затты үлгібойынша істетіп үйрету, ойыншық бөліктерін ермексазбен біріктіру, бұл еңбек түріне қызығушылығын қалыптастыру.	2
2	Күзгі саңырауқұлақтар	Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Сопакша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салуға үйрету. Танымын кеңейту, эстетикалық талғамын арттыру.	2

Қазан айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Жүк таситын машина	Сіріңке қорапшасынан жүк машинасын жасауға үйрету.	2
2	Көбелек	Көбелектің дене бөліктерін табиғи материалдардан құрастыра білу. Жәндіктер әлеміне деген қызығушылыққа баулу, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.	2

Қараша айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Кірпі	Орман аңдары туралы білімдерін бекіту өз беттерінше түстерді дұрыс әрі нақты пайдалануға дағдыландыру, ермексазды тиімді пайдалануға және кірпіні ұқыпты жасауда танымдық процестерін дамыту.	2
2	Қоян	Жабайы аңдармен-қоянмен танысу, жапырақтың жасалу жолдарын көрсете отырып, қоянның бөліктерімен таныстыру. Балаларды табиғи материалды дұрыс	2

		пайдаланып, қоянды өз бетінше құрастыру ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.	
--	--	---	--

### Желтоқсан айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Мерекелік ашықхаттар	Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын бекіту, қағазды қос бүктеу, пішініне сәйкес әшекейлей білуге үйрету.	2
2	Жаңа жылдық ойыншықтар	Қалдық заттарды пайдаланып жаңа жылдық шырша ойыншықтарын жасау, оны әдемі көркем безендіру арқылы көркемдік талғамын дамыту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	2

### Қаңтар айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Аққала	Мақтамен жұмыс істеу ерекшеліктерімен таныстырып, саусақ ұсақ моторикасын дамыту.	2
2	Көңілді қошақан	Өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	2

### Ақпан айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Менің сүйікті қонжығым	Қара қоңыр түсті қағаздардан дөңгелек сопақша пішіндер қиып, құрастыру арқылы жапсыру.	2
2	Балапан	Желімдеу тәсілін меңгертіп, пішіндермен балапанды жапсыруға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	2

### Наурыз айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
---	----------	---------	-------

1	Әжемнің орамалы	Түрлі түсті қағазды үшбұрыштап бүктеу және оны әшекейлеу арқылы орамал жасау.	2
2	Күннің көзі	Сары түсті қағаздан «Түйіршіктеу» әдісі арқылы күнді жасау.	2

#### Сәуір айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Бағдаршам	Қораптан жасалған дайын бағдарашмға көздерін жапсырып, таяқшасын жасау.	2
2	Добым, добым дөңгелек тоқтамайсың дөңгелеп	Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру. Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйрету. Ұсақ қол қимыл-қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту. Достыққа, бірлесіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.	2

#### Мамыр айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	Мамыр гүлшоғы	Балаларды жұмыста әртүрлі материалдарды пайдалана отырып, шығармашылығын дамыту.	2
2	Қандай заттың пішіні шарға ұқсайды?	Түрлі түсті бояуларды пайдалана отырып дөңгелек пішінді шардың суретін салуға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу.	2

#### Күтілетін нәтижелер:

-Жануарлардың пішінін бейнелей алады;

-Көлемі бойынша заттар мен нысандардың арақатынасын ескеріп, композициялар жасай алады;

-Жолаққа геометриялық пішіндер мен өсімдік өрнектерінен өрнектер жасай алады;

-Қайшыны дұрыс ұстайды және оны пайдалана алады;

-Ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады .